

Олар да ұстаздық еткен...



Шолтанов Есенбай 1953ж Гурьев педагогикалық институтының физика және математика бөлімін аяқтап, жолдамамен Маңғыстауға келген. Алғашқы еңбек жолын 1953ж Қызыләскер жетіжылдық мектебінде бастаған. 1961ж Сам-1 мектебі ашылып, сол мектепке меңгеруші болып келген. 1974ж жаңадан ашылып жатқан Сарға ауылына қоныс аударып, осы ауылдың партия комитетін басқарған. 1975-96ж осындағы Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебінде мұғалім қызметін атқарған. Марапатталуы: 1983ж Қазақ ССР оқу министрінің

Құрмет грамотасы, Білім және ғылым министрінің Алғыс хаты, 1986ж "Құрмет белгісі" орденімен, 1988ж "Еңбек ардагері" медалімен, 1992ж "ҚазақССР халық ағарту ісінің озық қызметкері" төсбелгісімен марапатталған.



Тілеубергенова Ұштап 1970ж Гурьев педагогикалық институтын тарих пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Алғаш еңбек жолын 1961ж интернатта тәрбиеші қызметін атқарған. Ұстаздық жолын Тұрыш ауылындағы Сам орта мектебінде бастаған. 1974ж Сарға елді мекеніне қоныс аударып, Ә.Жанкелдин атындағы орта мектебінде мұғалімдік қызметін жалғастырған. Бастауыш сыныптарға, тарих және еңбек пәндерінен сабақ берген. Тәрбие жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. 1988ж зейнеткерлікке шықты. Марапатталуы: 1973ж "Социалистік жарыс жеңімпазы", 1976ж "Қазақ ССР халық ағарту ісінің

озық қызметкері" төсбелгілерімен, 1986ж "Еңбек ардагері" медалімен марапатталған.



Зинатуллина Дайра Нөкіс пединститутын орыс тілі мамандығы бойынша бітірген. 1984-1996 жылдары Жанкелдин орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетімен ұстаздық етті. Марапатталуы: "ҚазССР халық ағарту ісінің үздігі" төсбелгісімен марапатталған.



Тастеміров Жұмағали 1970ж Атырау педагогикалық институтының химия-биология факультетін бітірген. Тұрыш, Жанкелдин орта мектептерінде химия, биология пәндерінен сабақ берген. 1974-98ж Жанкелдин мектебі жанындағы интернат меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1992ж VIII облыстық педагогикалық оқуда жасаған баяндамасы II орынға ие болған. Марапатталуы: "Халық ағарту ісінің үздігі" төсбелгісімен марапатталған.



Нұрпейісова Тәжі 1966ж Гурьев педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген. Педагогикалық еңбек жолын 1966ж Маңғыстау ауданы Сам-2 ауылында Аманкелді мектебінде мұғалім болып бастаған. 1974-92ж Жанкелдин орта мектебінде ұстаздық қызметін атқарған. Марапатталуы: 1983ж "ҚазақССР оқу-ағарту ісінің үздігі" төсбелгісімен марапатталған.



Құлманова Нұрила 1966 жылы Түрікмен мемлекеттік университетінің филология факультетін орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген. 1967-70ж Бейнеу ауданындағы Аманкелді орта мектебінде, 1970-74ж Ақжігіт орта мектебінде, 1974-79 және 1981-92ж Жанкелдин орта мектебінде мұғалім болды. 1979-80ж Ақтау қаласындағы №11 мектепте, 1992-95ж Ы.Алтынсарин орта мектебінде еңбек еткен. 1995ж осы мектептен зейнеткерлікке шыққан. Марапатталуы: 1988ж "Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі" төсбелгісімен марапатталған.



Қожабаев Тағаберді 1967ж Нөкіс қаласындағы Т.Т.Шевченко атындағы Қарақалпақ мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түскен. Осы жылы алғашқы еңбек жолын №49 қазақ орта мектебінде мұғалімдіктен бастаған. Түрікпен ССР-де 12 жыл мұғалім болып жұмыс жасаған. 1979ж елге қоныс аударып, Жанкелдин орта мектебінде педагогикалық қызметін жалғастырған. 1980-85ж интернат меңгерушісі болған. Марапатталуы: 1985ж Оқу министрінің Құрмет грамотасы, 1990ж облыстық білім беру басқармасының Құрмет грамотасы және үкіметтің құттықтау хатына ие болған. 1996ж "Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі" белгісімен наградталды.



Төлегенов Есболай 1973ж Қазақ ССР ауылшаруашылық министрлігінің Қызылорда ауылшаруашылық техникумының "Ауылшаруашылықты механикаландыру" мамандығы бойынша бітірген. 1973ж Сам совхозында жұмыс жасаған. Кейін өмірінің соңына дейін Жанкелдин орта мектебінде мұғалім болған. 1986-91ж Атырау педагогикалық институтын математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша оқыған. Марапатталуы: облыстық алғыс хаттар.



Қадыр Сатыбалды 1978ж Атырау педагогикалық институтының физика-математика факультетінің физика пәні мұғалімі болып бітірген. 1978-83ж Жанкелдин орта мектебінде физика пәні мұғалімі болып жасады. Кейін осы мектепте директордың орынбасары қызметін атқарды. 1986-87ж аудандық "Ленин жолы" газетінде бөлім меңгерушісі, 1987-92ж Жанкелдин орта мектебінде мектеп директоры орынбасары қызметінде болды. 10 жылы бойы Гагарин орта мектебінде директор қызметін атқарды. 2004ж бастап өмірінің соңына дейін

Жанкелдин орта мектебінде мұғалім болды. Марапатталуы: 1989ж Құрмет грамотасы, 1992ж Қазақ ССР білім министрінің Құрмет грамотасы.



Ізбасаров Айберген 1981ж Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын тарих мамандығы бойынша аяқтаған. 1977-86ж аралығында әскери жетекші, 1986-2000ж аралығында мектеп жанындағы интернат меңгерушісі, 2000-08ж арасында Сарға селолық округінің әкімі қызметінде болды. 2008-10ж Бейнеу мектеп-интернатында директор қызметін, 2010-12ж осы мектепте педагог ұйымдастырушы қызметін атқарған. 2012ж бері Жанкелдин орта мектебінде психолог қызметінде. Марапатталуы: 1992ж "Халық ағарту ісінің озық қызметкері" төсбелгісімен, облыс

әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.



Таушанова Алтын 1978 жылы Алматы ҚазМҰУ филология факультетін бітірген. Еңбек жолын 1971 жылы Ақжігіт орта мектебінде аға пионер вожатый болып бастады. 1975-1986 жылдар аралығында осы Ақжігіт мектебінде, 1986-1989 жылдары Сыңғырлау мектебінде, 1989 жылдан бүгінге дейін Жанкелдин орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 2013 жылы зейнеткерлікке шықты.

Марапатталуы: 1991 жылы "ҚазССР халық ағарту ісінің озық қызметкері", 2009 жылы Облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасы, 2011 жылы Облыс әкімінің Алғыс хаты.



Шакуалиева Талиға 1986 жылы Абай атындағы ұлттық педагогикалық институтын биология-география пәні бойынша бітірген. Алғашқы еңбек жолын 1986-1987 жылдары М.Бегенов орта мектебінде бастаған. 1987 жылдан бері Жанкелдин орта мектебінде биолог-географ болып қызмет атқарып келеді.

Марапатталуы: 2011 жылы Маңғыстау облысының әкімдігі, Маңғыстау облысының білім басқармасының Құрмет грамотасы.